АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ЖӘНЕ КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫ

01.04.2021 // СӘУІР // №002

ABAI MEDIA

... БІЛІМІҢДІ ЕҢБЕК ПЕН ӨМІРДІҢ ӨЗІНДЕ ШЫҢДАП ОТЫР! СОНДА ҒАНА БІЛІМ ДЕП АТАЛАТЫН АСЫЛ ТАС ЕШҚАШАН ТОТ БАСПАСТАН ЖАЛТЫРАЙ ДА ЖАРҚЫРАЙ БЕРЕДІ.

Қаныш Сәтбаев

www.facebook.com/fkbbi kaznpu.filkbbi https://www.kaznpu.kz/

ХАБАРЛАНДЫРУ!!!

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!!! АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДОГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ФИЛОЛОГИЯ ЖӘНЕ КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫНДА «ӘН КӨҢІЛДІҢ АЖАРЫ» АТТЫ ДӘСТҮРЛІ ӘНДЕР ВИДЕОБАЙҚАУЫ ӨТУДЕ. ЕГЕР, СІЗ ҰЛТТЫҚ АСПАПТА ДӘСТҮРЛІ ӘН ШЫРҚАЙ АЛСАҢЫЗ, ДЕМЕК , БҰЛ БАЙҚАУ-СІЗ ҮШІН ТАПТЫРМАС МҮМКІНДІК!!!

БАЙҚАУ ШАРТТАРЫ:

- **ВИДЕО ҰЗАҚТЫҒЫ- 3-4 МИНУТ;**
- **САПАСЫ ЖАҚСЫ БОЛУ КЕРЕК ;**
- **МІНДЕТТІ ТҮРДЕ ДӘСТ.РЛІ ӘН БОЛУЫ ҚАЖЕТ**
- **ЖЕҢІМПАЗДАР АЛҒЫС ХАТТАРМЕН МАРАПАТТАЛАДЫ;**

(Байқау қортындысы сәуір айында анықталады)

Абай мұрасы өміршең, жылдан жылға өзінің құндылығын арттыра түсуде. Абай атаған талап пен еңбек – қайратты танытса, терең ойыңыз – ақыл, ал қанағат пен рахым – жүректен туатын қасиеттер. Адам бойындағы осы үш қасиетті ерекше танып білуге тұратын таным екенін ақын «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа» өлеңінде: «Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деп нақтылай түседі. Абай мұраларын дәріптеу мақсатында ҚазҰПУдың филология және көптілді білім беру институтының ұйымдастыруымен «ЫСТЫҚ ҚАЙРАТ» поэзия сағаты өтуде. Сайыс 2 турдан тұрады.1-тур: «СЕНІҢ ТҮСІНІГІҢДЕГІ ТОЛЫҚ АДАМ»тақырыбында эссе жазу. Ал, 2-ші тур «ЖҮРЕКТЕ ҚАЙРАТ БОЛМАСА...» Абайдың бір өлеңін онлайн форматта жатқа оқу. Жеңімпаздар дипломдармен марапатталады.

КӨРІСУ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!!!

Көрісу күні немесе «Амал» мерекесі. Бұл күні қыстан аман шыққан ағайын бір-бірімен амандасып, қол алысып, «Жасың құтты болсын!» деп тілек айтады. Әсіресе, жасы кішілер қала-ауылдағы ақсақал-әжелердің үйіне барып, көрісіп, ілтипат білдіреді. Жасы үлкендер кішілерге бата береді. Сондай-ақ, үлкендер қол алысып, алақандарын айқастырып жатса, әйел адамдар алдымен оң иығын, сосын сол иығын түйістіреді. «Амал» мерекесі жаңа өмір, жаңа жыл, жаңа күнмен көрісу деген мағынаны білдіреді».

Армысың, әз-Наурыз!

Қымбатты оқырмандар!

Сіздерді Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз. Күн мен түннің теңеліп, табиғаттың жаңару шағы Сіздерге ырысы мен берекесін, қуанышы мен жақсылығын ала келсін. Еңбектеріңізге жеміс, отбасыларыңызға амандық тілейміз. Ұлыс оң, ақ мол болсын! Қыс ызғары кетіп, Жер Ана жібіп, бәйшешек, тал бүр жаратын жылдың осынау әдемі мезгілі жандарыңызға шуағы мен мейірімін төксін. Бұл – көрісу сияқты ата-бадан жалғасқан асыл дәстүріміздің салтанат құратын керемет кезең. Ренжіскенді татуластыратын, жабыққанды қуантатын, мейірімге толы, үлкенге ізет, кішіге ілтипат жасап, ақ бата алатын ұлықты мейрам. Біз Наурыз мейрамын ерекше көңіл-күй, қуаныш сезіммен қарсы аламыз. Өйткені, бұл ынтымақ пен бірліктің, достық пен ізгіліктің де мерекесі. Еңбекпен елдің көркеюіне үлесін қосып жүрген барлық жандардың мәртебесі биік, мерейі лайым үстем болсын. Наурыздан наурызға амандық, жақсылық, жоғары жетістіктермен бірге жете берейік! Наурыз береке болып еніп, әр шаңыраққа құт болып дарысын!

Ізгі ниетпен, «КҮЛТЕГІН»бірлестігі,«ABAI MEDIA» ұйымы

ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ!

– Әз-Наурыз халқымыздың ұғымында Жыл басы «Самар-қанның көк тасы жібіген күн». 2009 жылы ЮНЕСКО Наурызды Адамзаттың мәдени мұралар тізіміне енгізіп, 21 наурызды Халықаралық Наурыз күні деп белгіледі. Біз әз-Наурызымызды асыға күтеміз. Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!

Наурыз – жыл басы, Ұлыстың ұлы күні. Күн мен түннің, ыстық пен суықтың, қыс пен жаздың, қараңғы мен жарықтың теңелетін, жер арқасы кеңіп, күллі тіршілік әлемі қайта түлейтін Табиғат мерекесі; Наурыз - адамдардың қыс қыспағынан, жұт апатынан аман қалып, малы төлдеп, аузы аққа жаритын Шаруа мерекесі; Наурыз - әрбір шаңыраққа шыраққа шырақ жағылып, «Қызыр түнін» күтіп, жақсылық құт-береке тілеп, ертеңгі күнге зор үмітпен қарайтын Сенім мерекесі; Наурыз – жеті дәмнен Наурызкөже жасап, адамдардың бір-біріне дәм татқызып, дастарқан басында бірге отыратын Ынтымақ-бірлік мерекесі; Наурыз – жыл бойы өткен-кеткен ренішті кедергісіз кешіріп, ән-күймен, ойын-сауықпен жанды жадыратып, сананы серпілтетін Көңіл мерекесі.

Наурыз менің елімнің берекесі,
Жаңа жылы қазақтың мерекесі.
Шаңырағы биіктеп күнге жақын,
Ұлаңғайыр керілсін керегесі.
Қымбат білген адамға сөз өнері,
Бұрқ-сарқ етіп қайнасын көжелері.
Жаңа жылда елімнің көркі өсіп,
Гүлге толсын көгеріп көшелері.
Шат күлкіге шомылып замандары,
Бақыт кешсін ғайыптан адамдары.
Әрбір жанның арманы орындалып,
Сәтті болсын биылғы қадамдары.
Ел-жұртымның тілеуін тілесейік,
Жаңа жылда қалайық бір есейіп.

Әз-Наурыз мейрамы құтты болсын!!!

СТУДЕНТТЕР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

«СҰЛУЛЫҚ ГАЛЕРЕЯСЫ»

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ... Бұл ұғымның мән-мағынасы, сыр-сипаты соншалықты кең, соншалықты бейнелі болса керек-ті. Егер де көркем шығармашылық иесі – жазушының бойында болуы керек асқаралы қасиеттерді санамалап шықсаңыз, осы бір ордалы сөздің аясымен қалай жымдасып кетер еді!? Көркем шығармашылық! Біз бұл жерде өнер атаулыға байланысты ақ шаңқан сезіммен көмкерілген барша «көркемдікті» айтып тұрмыз. Ол – азаматтық міндет! Ол – жазушылық болмыс! Ол – шын мәніндегі шындыққа біткен көркемдік соны әлем! Ол – ұлағатты шығармашылық иесінің ҰЛЫ ЖОЛЫНЫҢ ТОРАБЫ болса керек!

Жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Бексұлтан Нұржекеұлының көркем шығармашылығының мазмұнына, ақ шаңқан мөп-мөлдір ғұмырларға толы портреттеріне, азаматтық парасат-пайымдарына көңіл аударып, жазушылық тіні-магиясын тапқыңыз келсе, сөз жоқ, КӨРКЕМ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ дейтін ұғымның стихиясына соқпай өтпейсіз. Жазушының «әйел тағдыры – ұлт тағдыры» дейтін азаматтық концепцияны өзек еткен ордалы романдары, «өзендей өрнектелген» ғұмырдың иірімдерін дәл танып, мөр басқан ғажап әңгімелері болсын, қазақ халқының тарихының аңызағын жұтып, кеудесінде «жанартаудай» атылған кесек-кесек дүниелері болсын бәрі-бәрі жазушы – Бексұлтан Нұржекеұлының ӨМІР ДЕЙТІН ЖАЗМЫШТАҒЫ КӨРКЕМ ОБРАЗЫН ҺӘМ АЗАМАТТЫҚ БЕЙНЕСІН танытпай ма екен?! Дәл солай! Жазушы дейтін халық осындай болса керек-ті.

Бексұлтан Нұржекеұлының шығармаларының ортақ концепциясы жоғарыда аталып өткендей – адам өмірі, ұлт тағдыры. Ұлттың тағдырын жазушы – әйел тағдырынан көреді. Өйткені ұлт перзентін дүниеге әкелер – әйел. Ұлтты тәрбиелейтін – әйел. Жазушы көркем шығармашылығында әйелдің ар-намысының төгілгені, ұлт намысының сөгілгенімен пара-пар. Бұл ұстаным Бексұлтан Нұржекеұлының шығармашылығының берік аксиомасындай.

Кезінде аты аңыз болған Әнет баба: *«Әйел – жеті қазынаның бірі ғана емес, біріншісі. Дүниедегі барлық тіршілік атаулының анасы – әйел. Сондықтан оған тіл тигізуге де болмайды»* деп өсиет етсе, жазушы Бексұлтан Нұржекеұлы өз сөзінде: *«Мен әйелдерді әйел болғаны үшін-ақ жақсы көремін. Жаратылыстың жер бетіндегі ең талантты жасаған дүниесі – әйел. Әдемілік, нәзіктік, жан мен тәннің жарасымы, басқаның өмірі мен көңіліне әсер ете алуы, сүйген адамы мен ұрпағы үшін небір күрделі жағдайларға шыдам келетіндігі жағынан әйелге теңесетін бұл дүниеде ештеңе жоқ. Мен осылай болғандықтан да әйелдер туралы айрықша ынтамен жазамын. Мен жазған әйелдердің бәрінің де түпбейнесі бар».*

Сол себептен де болар, жазушы КӨРКЕМ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ көбінде отанасының тағдыры суреттеледі. Соған қарап, жазушыны «**әйел жанының сәулетшісі», «сиқырлы сезім симфониясының дирижері»** десек те артық айтпаған едік. Дәлелі ретінде: «Күтумен кешкен ғұмыр», «Бір ғана махаббат», «Сағынғаным-ай», «Күй толғақ», «Жастық – жыл құсы емес», «Қиын сұрақ», «Күнәлі махаббат», «Кәріс қыз», «Күләштің соңғы көктемі» т.б туындыларын атап өткен жөн. Өз кезегімізде біз де КӨРКЕМ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ иесінің жаны – сұлулығының, қаны – азаматтығының, кескіні – шеберлігінің нәтижесінде дүниеге келген шығармаларын талдауды алдымызға мақсат қойып отырмыз. Ендігі толғам солар жөнінде болады.

***

Бақыт дегенміз не? Әйел бақыты қандай?

Әлбетте, ұлағатты ұрпақ тәрбиелеу, қосағымен бақытты ғұмыр кешу, жарының іңкәр сезіміне бөлену емес пе еді!?

Бексұлтан Нұржекеұлының «Күнәлі махаббат» повесінің негізгі тақырыбы осы мәселе. Өмірінде тұрақтылық болмаған әйел, оның «зарлы» балалары, қысастығы көп әртүрлі адамдар... Кейіпкердің ешбір жанға сездірмеген томаға тұйық, бітеу жара жан сыры – әйелге тән әлсіздігі. Ал оған қарама-қарсы Жаңыл тағдырын қайда қоясыз? Іңгәлаған сәби үнін естімесе де, Алла қосқан жарымен салиқалы ғұмыр кешеді. Өз әлсіздігінің алдында құрбан болғанмен де, ар мен ожданның тұғырын басылған жоқ. Өлмей басылмайды да...» дейді.

Осылай оқырман сауалы көп сұрақтың жауаптарымен еріксіз қалың ойға батады... Ал қалың ой – шығарма мұраты.

Егер де жазушының шығармаларындағы кейіпкерлерді бір арнаға тоғыстыратын болсақ Бексұлтан Нұржекеұлының: «Жастық – жыл құсы емес» әңгімесіндегі кейіпкер Зиаш, «Қиын сұрақ» туындысындағы Айғанша, «Күләштің соңғы көктемі» шығармасындағы Күләш бейнесі, «Күнәлі махаббат» повесіндегі белгісіз әйел, «Күтумен кешкен ғұмыр» романындағы Қайныкеш. Бұл кейіпкерлердің ортақ трагедиясы – махаббат уыты - рухани жалғыздықтан пайда болған шерменді күй. Жазушы шеберлігі сонда барлық трагедия, конфликті кейіпкерлердің жан дүниесінде өтеді. Нәсілі – әйел емес пе?! Қорғансыздың күйін кешкен жәудір көздің мұңын түсінер жан бар ма? Олар өз шерменімен шыңырауда. Оларды түсіну қайда-а-аа...

Мәселен, «Жастық - жыл құсы емес» әңгімесінде Зияштың тағдыры сондай өкінішті. Тал шыбықтай иілген, уыздай жас қыздың соқыр сезімі ақынжанды ғашығы Қалиды емес, Ғәзизді таңдатады. Махаббаттан сағы сынған Қали әскерге атанып кетеді. Зиаш Ғәзизбен отау құрады. Бақытқа толы күндердің соңы ақыры Ғәзиздің жан дүниесінің «қопарылуына» жеткізеді. Тастайын суық сезім махаббаттың ыстық шоғының нұрын өшірген-ді. Арада біршама жылдар өтіп, шоқтығы биік, салауатты жігітіміз Қали оралады. Зиаш сезімі өкінішке, бітеу жараға айналады. Өткенге сот бар ма екен? Өмір жалғыз. Әттең, сезім... Ендігі «жастық – жыл құсы емес». Оралып келмес-ті.

Жазушының тереңнен толғап, «ұлы сезім» - махаббатты, ән өнерін арқау еткен шығармасы – «Күтумен кешкен ғұмыр» романы. Бас кейіпкер Әтікенің әншілік өнері мен өмірін арқау еткен туындының өзіндік сюжеттік интригасы бар. Романның басталуынан-ақ Әтікені бір ой мазалайды. Тіпті, ол ой шыңырауы оның іңкәр өнерінің нұрын өшіре бастаған-ды. Әсте, өнер адамы – әсершіл, арманшыл келеді. Ал Әтіке әлі жас, әлжуаз... Өнер адамының көмейіне олай қорғасын құйдырған кім? Қандай жайт болған екен? Сөйтсе, оның себебі: Айсары болыстың таққан міні екен.

«Сый-сыйапатың олқы, атағыңның ауы үйден аспай жүргені де сол. Өнеріңе сай сені де әспеттеп отырған шамалы...»

Ендігі бұл мін бе, әлде көреалмауышылық па немесе өз жағына ұран етпектің сарыны ма екен? Үшеуі де болар... Алайда үстем түскені, тамыр басқаны Айсары болыстың әнші Әтікені «сойылсоғары» етпегі екен. Әтікенің өнеріне тұсау болатын себеп – осы. Бұндай қысастық өнер адамына ғана тән шығар дейсіз. Жазушының «Күләштің соңғы көктемі» әңгімесіндегі Күләш жанын жегідей жеген аярлықты алыңыз... Ақыры өнерлі жанның өліміне әкелмеді ме? Не болмаса І.Жансүгіровтың «Құлагер» поэмасындағы Ақан бейнесін қараңыз. Тек Ақанға жасалған қиянат емес, оның «құлагердейін жампоз өнеріне» жасалған қиянат емес пе? Ендеше Бексұлтан Нұржекеұлының бұл романындағы тұтастай алғанда Әтіке ғұмырыда сондай аярлықтың құрбаны деуге толық негіз бар.

Аталмыш романда ыстық сезім мен мөлдір махаббат та баянадалады. Оған дәлел – Қайныкеш пен Әтке сезімі. Қандай асыл махаббат! Қайныкеш Әткенің алдымен сұлу өнеріне ғашық. Жо-жоқ, Баркөрнеуіне ғашық болар... Дегенмен де әсершіл, сыршыл Әтіке сезімнің Баркөрнеуіне мұңын шағып, аласапыран заманның ауыр соққысына төзбей «жоғалып» кеткен-ді. Қайныкеш пен Әтіке махаббаты Баркөрнеу трагедиясына айналады. Өйткені арада зырғып қанша уақыт өткенімен де Қайныкеш жүрегінде сол баяғы аңсар, сол баяғыдай ән қалған-ды. Бұл әуен Баркөрнеу жаны Әтіке музасының соңғы ноталарындай, өзекті өртер өкінішіндей еді...

Атыңан айналайын, атамекен
Кім сені Баркөрнеу деп атады екен
Қайғы мен қапаны да көремісің
Саған да соның зілі бата ма екен?
Сөз соңында...

Бір күні Бексұлтан Нұржекеұлының мына бір сөзін оқыдым. Күнделігіме жазып ала қойыппын. Кім біледі, сол кездегі сыршыл сезімімнің сыбызғы үніндей әуендеп тұрған шағына дөп келді ме мектептердің ашылуын ұйымдастырды, онда слесарлық іс, сабын қайнату, май құю ісі дәне былғары ісі мамандықтары бойынша білім алуға болатын еді.

"Надан жатқан, бірақ әлі азғындық жолға түспеген, пайдалы

биіктен көреді. Сонда бұл шығармада кім бақытты? Ұрпағын үш еркектен тауып, әйел мұратына өзіндік сүрлеу тапқан кейіпкер ме, әлде жатыры тас боп қатқанмен де адал өмір сүрген Жаңыл ма? Тура сұрақ! Оқырман көкейінде бұл сұрақтың қаларына дау бар ма екен? Және бұл сауалға көңіл толқымай жауап бере алар ма? Әрине, жоқ! Өйткені бұл кейіпкерлердің екеуінде де ешбір құшақ жазбас, ғұмырының соңына дейін сақталатын, өшпейтін, өлмейтін, қайта өршіп, қайта қоздайтын өксікке толы оттай ғұмыр ұшқындары бар. Өкініштер бар... Ал шығарма финалы «күнәлі махаббаттың» күнәсін сезгендегі өткеніне бағыштар жоқтауындай ...

«Мен бақытымнан айырылғанымды білгенім де, оның енді екінші қайтып бастапқы қалпына қайтып келмейтінін де білгем. Ол өкінішім, ол назым әлі
екен. Әйтеуір, тұп-тура «Күтумен кешкен ғұмыр» романын оқып жүрген кезім еді. Бексұлтан аға былай депті ол жерде:
«*Өнерді қанаттандыратын, өнерді арқаландыратын әркімнің өз Баркөрнеуі бар. Одан айырылған адам әулиелігінде, дарындығынан да – бәрінен жұрдай болады*.Дәл осы пікірдің шетіне: **«Баркөрнеу, бәлкім, оның асыл музасы - халқы болар»** деппін үш нүктемен ойымды аяқтамай.

Қазір бұл туындымды жазып отырып дәл осы толғамға қайтадан оралып отырмын. Сол жолғы ойымды енді түсініп отырғандаймын. Асылы КӨРКЕМ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ғұмырында «Баркөрнеуінің» құшағында өсіп-өніп, тас-құмына тәнін күйдіріп, бұлағының көзін ашып, көгіндей көктеп, күніндей нұрланған бала Бексұлтан «Баркөрнеуімен» бірге абыз Бексұлтанға айналған екен. «Баркөрнеуімен» бірге мерейлі 80 жасқа толған екен! Жазушы шығармашылық ғұмырында біз талдап өткен шығармалардан бөлек:

1916 жылдардарындағы қасіретті жылдарға арналған «Әй, дүние-ай» романы (Мемлекеттік сыйлық алған);

30 жылдардағы қазақ халқындағы ашаршылық нәубеті жайлы «Жау жағадан алғанда» романы, Әсет, Сара, Төребай секілді әнші-ақындардың шығармашылығы жайлы Қабанбай, Бөгенбай, Ағынтай батырлар туралы жазылған «Ой ұшқыны» эсселер жинағы;

К.Байсейітова, Ж.Омарова, М.Төлебаев, Д.Рақышев, т.б. талант иелері туралы танымдық мақалаларының жиынтығы «Өнер құдіреті» кітабы;

Қазақ халқының тарихындағы Орбұлақ шайқасы туралы деректер, соғысқа қатысқан батырлар жайындағы зерттеулер, мақалалар, сондай-ақ Орбұлақ шайқасы туралы сан қилы мәліметтер топтастырылған «Орбұлақ өнегесі» еңбегі;

«Кек-намыс» тарихи романы мен «Бір өкініш, бір үміт» романы және әртүрлі жанрдағы бірнеше әңгіме, повесттер...

Бұлардың барлығы дерлік Бексұлтан Нұржекеұлының тұтас көркем шығармашылығында (жоғарыда атап өткенбіз және қайталаудан жалықпаймыз) кәсіби әдебиетшілігінен бөлек тарихты тарихшылардан кем білмейтінін және біліп қоймай, ұрпақ үшін аса құнды жәдігер болатындай кітаптар жазуы жазушы Бексұлтан Нұржекеұлының азаматтық ұстанымынан туған ұлтына деген қалтқысыз еңбегі - «Баркөрнеу» шоқтығын биіктетіп тұрғандай болып көрінеді де тұрады. Міне, дәл осы болмыс-бітімімен, көркем шығармашылық полотносымен, «сұлу» да мұңлы галереясымен, «Баркөрнеу» - музасымен Бексұлтан Нұржекеұлының бейнесі бізді әрқашан өзіне бас идіреді.

ФКББИ 3-курс студенті Ертай Біләл

«Болмасаңда ұқсап бақ»

Қазақ елін надандық пен қараңғылық түнегінен құтқару үшін аянбай еңбек еткен ағартушы-ұстаз, ақын-жазушы,балалар әдебиетінің атасы Ыбырай Алтынсарин-халық ағартушысы дәрежесіне көтерілген тарихи тұлға.Бар саналы ғұмырын туған халқын өнер-білімді елдің қатарына қосу жолына арнаған көрнекті кемеңгер.Ол қазақ әдебиетінде көркем әңгіменің негізін салушы атасы болды.Қазіргі күнде, Ыбырай жазып қалдырған әңгімелер өсіп келе жатқан жас буынды қаншалықты тәрбиелей алады? Менің ойымша,ұлы ұстаздың қай әңгімесін алып қарасақта,адамгершілік пен еңбексүйгіштікке, әдептілік пен тәрбиелі болуға насихаттайтын нақыл сөздер жетерлік.

Ыбырай Алтынсарин жас ұрпақтарға дұрыс тәрбие беру, оларды жас кезінен дұрыс баулу мәселесіне ерекше көңіл бөлді.Екі түрлі жайтты алдына мақсат етіп қойды: біріншісі – мектеп ашу, бала оқыту, жалпы халықты ағарту жұмысы, екіншісі – халықтың ой-санасын жаңалыққа қарай бейімдеу жолындағы тәрбиелік істері. Өзінің алғашқы адымында-ақ ол мектептің рөлін бірінші орынға қойды. 1871 жылы 31 тамызда Н.И.Ильминскийге жазған хатында: «Қазақтардың білімге қол жеткізетін ең басты құралы – мектеп. Бірақ даладағы мектептер шашылыңқы, сондықтан әлі пайдалы бола алмай отыр, әйтсе де олардың үміт күтері –мектеп, тек қана мектеп және қазақ халқының болашағы да мектептермен байланысты», — деді.Ағартушының арманы 1864жылы ғана орындалып,Ыбырай ашқан мектепте он төрт қазақ баласы қабылданады.Н.Ильминскийге жазған хатында: «Мен балаларды оқытуға қойға шапқан аш қасқырдай өте қызу кірістім»,- деп қуанышымен бөліседі.Сондай-ақ,оның бастамасымен қазақ қыздарына, орыс қоныс аударушыларының балаларына арналған арнайы мектептер ашылды.Бұл мектептерде балалар орыс және қазақ тілдерін, матемитиканы,Географияны, тарихты және басқа ғылымдарды оқыды.Ыбырай екі жылдық педагигокалық училищенің негізін қалап, қазақ ауылдарына бейімделген жалпы білім беру және педагогтарды даярлау жүйесін әзірледі.М ектептерден басқа кәсіптік, нәрсенің бәріне жаны құмар халқымызға, шамасы келгенше, қызмет ету біздің әрқайсысымыздың да борышымыз", —деп көзі ашық ел азаматтарына үндеу салған. Осы пікіріне байланысты Ыбырай"Әй, жігіттер!" деген өлеңінде:

Әй, жігіттер, үлгі алмаңыз
Азған елдің ішінен.
Алыс-алыс қашыңыздар,
Зияндасты кісіден,— деп, ел ішін, қарапайым халықты оссындай іріткі салушы топтардан арылтып алмай, өнер-білімге, жаңа мәдениетке шақыру, сондайлық қиын екенін де өте зеректікпен айта білген.

Сонымен қатар, қазақ халқының өнер-білімге, жаңалыққа, жаңа мәдениетке деген ынтасын, дарындылығын өте жоғары бағалаған."Қазақтың осы ынтасын татар, өзбек, башқұрт сияқты көрші елдердің молда, қожалары пайдаланып отыр. Ал егер осы бұзылмаған, іскер, дарынды халық... діни фанатизмнің ықпалына біржолата түсіп кетсе, онда бұл өте өкінішті болған болар еді",—деген ойда болды.

"Өнер-білім бар жұрттар" деген өлеңінде де өнер-білім, техниканың пайдасын айта келіп, балаларды, жасөспірімдерді мәдениетті халықтар қатарына қосылуға, соған жетуге,солардан үлгі-өнеге алуға шақырады. Ғылым табыстарын мадақтайды.

Өнер-білім бар жұрттар,
Тастан сарай салғызды.
Айшылық алыс жерлерден,
Көзіңді ашып, жұмғанша,
Жылдам хабар алғызды, - деп, техникалқ білім алу дережесіне оқу және үздіксіз оқу арқылы ғана жетуге болатынын, оқымаған қараңғыы халықтың жастарына дәлел emin керсетті. Ғылым адамды әр трлі апаттан алып шығады, құтқарады. Сауатсыз қараңғы адам жаратылыстың тілсіз сұрапылының құрбаны бола бермек, оған қарсы күресуге дерменсіз. Мұндай дерменсіздіктен арылу үшін ғылым табыстарын тез игеріп, орыс халқының ілімінен, мәдениетінен үздіксіз үйрене беру керек деп Ыбырай жар салды. Өзінің жас шәкірттеріне ғылым табыстарын мақтан ете жырлады. Білім мен техниканы өз шығармаларының арқауы етіп, әрқашан әр шығармасында әр түрлі жолдармен ұқтырып отырды. Тіпті техника тетіктерін айтқан сайын үдей түсіп бұдан да артық, бұдан да гөрі кереметі шығып жаткандарын айтып оқушысын қызықтыра түседі.

Адамды құстай ұшырды,
Мал істейтін жұмысты,
От пен суға түсірді,
Отынсыз тамақ пісірді,
Сусыздан сусын іштірді
Теңізде жүзді балықтай.
Дүниені кезді, жалыкпай,

деп, самолетті, электрдін күшін, пароходты мақтан етіп жырлады.

Баланың мейірімді,кішіпейілді,адамгершілік сапасының жоғары тұруы да осы ұқыпты болудан басталады.Ыбырай Алтынсариннің "Шеше мен Бала","Мейірімді бала ", "Полкан деген ит","Аурудан аяған күштірек " деген әңгімелері осы мейірімділік кішіпейілді болуға арналған.Баланы адамгершілік сапаға баулиды.

Сөзімізді қорытындылай келе, XIX ғасырда қазақ даласынан шығып,орыс,Еуропа мәдениетіне қолы жеткен оқымысты, халық

ағартушысы дәрежесіне көтерілген әрі педагог,әрі ақын-жазушы Ыбырай Алтынсариннің өз халқының келешегі үшін істеген еңбегі зор. Ыбырай Алтынсарин қазақ әдебиетінде көркем әңгіменің негізін салушы атасы болды. Көркем әңгімелердің композициялық құрылымын шебер етіп құруда да оның өзінше еңбегі бар.

ФККБИ 1-курс студенті Мәжит Нұртуған

Әз-Наурыз

Күн мен түннің теңеліп, Самарқанның көк тасы жібитін, жер жүзі құлпырып, көкпеңбек кең дала нұрланатын Наурыз мейрамы сонау 5 мың жылдан бері тойланып келеді екен. 21 наурыз тек түрік санауы бойынша ғана емес, әлем бойынша күн мен түннің теңесіп, күннің ұзаратын шағына тұспа-тұс келеді. Түркі халықтарының мәдениетінің бір бөлігіне айналған бұл мейрамның шығу тарихы әлі күнге белгісіз, дей тұрғанмен, Наурыз туралы деректер "Авеста" шығармасында кездеседі екен. Соған қарағанда, бұл мейрам тек түркі халықтарында емес, басқа елдерге де танымал болған сынды.

Ескі түркі аңыздары бойынша бұл күн (21 наурыз) түркі халқының пайда болуымен байланысты. Басқаша айтқанда, бұл күні түріктер Эргенеконнан (таулармен қоршалған аумақ) шықты. Сондықтан Наурызды түркі халықтары Жаңа жылдың, жаңа күннің, жаңа өмірдің басы ретінде қабылдады және бүгінгі күнге дейін атап өтіледі.

Түркі халықтарының осы күнге дейін көптеген қиындықтарға ұшырап, ауыр кезеңдерді бастёан өткергеніне қарамастан Наурыз әлі күнге дейін өз қаймағын бұзбады, сонымен бірге ислам дінін ұстанатын көптеген халықтар мәдениетінің ажырамас бөлігі болды. ТМД-да оны татарлар, қазақтар, башқұрттар, қырғыздар, тәжіктер, өзбектер және басқа да көптеген халықтар тойлайды.

Біздің қазақ халқы да жыл сайын Наурыз мерекесін атап өтіп, отыз күн ойын, қырық күн тойын жасайды. Төс қағысып, барлық өкпе-ренішті ұмытып, жауласқан ел татуласып, жеті түрлі дәмнен дайындалған көже пісіп, азан-қазан болып, мал тойынатын да кез осы Наурыз тойында болады. Ертеде Наурызды бүкіл ауыл болып тойлаған, қазір қаланың басты көшелеріне киіз үйлер тігіліп, орталық жүзінде күлкісі бар адамға толады. Мен оқитын Абай атындағы педагогикалық университетте де Наурыз мерекесі жыл сайын тойланып, бәріміз ерекше күй кешеміз. Оқытушыларымыз мейрам туралы бар білгендірімен бөліседі, біз арнайы концерттер қойып, іс-шаралар ұйымдастырамыз.

Наурыз мерекесі - бұл көненің көзі, ертеден келе жатқан тарихи қазына. Қазір әлем індеттің әсерінен тығырыққа тірелді және бұл қиындықтан тек біріксек ғана шыға аламыз, сол үшін де соңғы екі жылда Наурыз мерекесі ерекше дүркіреп тойланбады. Алайда, адамдар жылы лебіздерін білдіріп, ауылстан да сыйласа алады. Алда жарқын күндеріміз көбейіп, Наурыз мейрамы жандана береді деп сенемін!

ФКББИ 1-курс студенті Ибраимова Мөлдір

Жамбыл жыры – таусылмас қазына

Ғасырға жуық өмір сүріп, жыр алыбы дәрежесіне көтерілген ұлы ақын Жамбыл Жабаевтың туғанына биыл 175 жыл толып отыр. Қашанда ұлыларын ұлықтап, ақын-жыршыларын құрмет тұта білу халқымыздың айнымас қасиеті деп түсінемін. Қазақ әдебиетінде аты алтын әріптермен жазылатын Жамбыл бабамыздың мерейтойы ел көлемінде аталып өтілмек. Мұндағы негізгі мақсат - баба рухына тағзым ете отырып, жас ұрпаққа өткен тарихты таныту, ақын шығармаларын насихаттау болса керек.

Жамбыл шығармалары несімен құнды? Ақын шығармаларының өз құндылығын жоймай, керісінше, әлі де болса зерттеуді қажет ететіндігі оның жырларындағы ойдың тереңдігінде, тақырыптарының өзектілігінде, шынайылығы мен суреткерлігінде деп ойлаймын. Қайраткер-ақын С.Сейфуллиннің «Жамбыл жырлары теңіз түбінде шашылып жатқан маржан сықылды. Оны жинап алып халқының қолына беру – біздің әрқайсымыздың азаматтық борышымыз» деуі ақын жырларының халық үшін, болашақ ұрпақ үшін мол мұра, асыл қазына екендігін білдіреді.

Жыр алыбының шығармалары әлемнің бірнеше тілдеріне аударылып, дүйім жұртқа қазақ атын танытуға өлшеусіз үлес қоса білді. Жамбыл Жабаев - атақты Сүйінбай ақынның батасын алып, әдебиет әлеміне өзіндік дара жолымен келген нар тұлға.

«Менің пірім Сүйінбай,
Сөз сөйлемен сыйынбай»,-деп ұстазын пір тұта отырып, ақындық өнердің биік шыңына көтеріле білген. Жырларынан өмірдің ащы шындығын да шымбайға батырып айта білетін батылдығын, ешкімге мойынсұнбай, адалдықтың ақ туын биік ұстанған қайсарлығын аңғармау мүмкін емес.

«Жамбыл менің жай атым, Халық менің шын атым» деп жырлағанындай, иә расымен ақынның өмірі халықпен бітеқайнасып кеткен. Ол – халық ақыны. Елдің мұңын мұңдап, қуанышына шын көңілмен ортақтаса білген, заманының бейнесін жырлары арқылы әдемі суреттеп, көркемдеп жеткізе білген сыршыл да мұңшыл ақын.

Ақынның Ұлы Отан соғысы жылдарында майдан даласындағы жауынгерлер арасында кеңінен таралып, ел мен жерді қорғауға рух пен күш берген өлеңі – «Ленинградтық өренім». Елден келген ыстық лебізді туындыны жауынгерлер майдан алаңында оқи жүріп, жанқиярлықпен ерлік көрсетіп, соңғы демдері қалғанша жауға тойтарыс беріп, жеңіс дәмін татты.

Қорыта айтсам, Жамбыл жыры – бүгініміз үшін де, келешеміз үшін де өз мәні мен маңызын жоймайтын таусылмас қазына. Ақынның мерейтойы өз дәрежесінде аталып өтіп, ұрпақ санасында мәңгі жаңғыра береді деп ойлаймын.

ФКББИ 1-курс студенті Нуркулов Дауренбек

Мың жылдық тарихы бар Маңғыстауым!

Туған жерім,Маңғыстауым ауылым,
Қасиетті топырағың,бар бауым.
Маңғыстауым ,кіндік қаным тамған жер,
Киелі өлкем,маңғаз далам,туған жер.
Маңғыстауым тарихың терең-тереңде,
Сендей тарих кездеспеген әлемде.
Жан дауасын берген үшін арнайы,
Кіші жүздер мекен еткен бұл елде.
Кереметтей аспанымның құстары,
Бұлбұл әуен, құлағымда ұшқаны.
Киелі күш Маңғыстауға құрған жай,
Аспанымның астындағы мұражай.
Маңғыстаудың қасиетті ауасын,
Жұтқандағы адам жанын ұғасың.
Қастерлеген әулиеата аруағын,
Қасиетпен болғандығын ұғарсың.
Жеті жұрт келіп,жеті жұрт кеткен Маңғыстауға,
Қасиетін соншалықты бұра алған ба?
Мыңнан асқан тарихтың көздерімен,
Нағыз шыншыл деректер құралған ба?
Туған жерін даттай алмас ешкімге,
Маңғыстауым тарихыңды бес күнде
Киелі жер ,қасиетің өзіннің,
Маңғыстауым мекенісің көзімнің...
Тұлға бойы қуанышпен оралған,
Тарих үні қиындықпен құралған.
Қазағымның ішіндегі Маңғаз өлкем,
Өз дәуірін өзі терлеп қорғаған...
Кешегі күн Маңғыстаудың ұраны,
Әрбір жаның Маңғыстаулық ұланы
Өткеніңді сезу үшін бар жоғы,
Таза жүрек,тазалықтың тұрағы.
Маңғыстауым-қызғалдақтар мекені,
Барлық әлем тамсанғанын біледі.
Тарихыңды үйренген жан өзіне,
Таң атқаннан түн батқанша келеді.
Баба көзі тарихпенен үндескен,
Кең даланың даналығын күн дескен.
Алыстағы сонау қырат үстінен,
Тарих күші мәңгілікке бірлескен.
Пенде үшін Маңғыстаудың бұлағы,
Туған кіндік тарихына бұрады...
Мәңгі жанын туған жері аралап,

Жүрегіне жылу үнін салады.
Маңғыстаудың жаны үйге толады,
Өз күшімен тарих сәні қонады
Мың жылдығың көркем әнін аралап,
Сонау ғасыр тарихыңда тұрады.

ФКББИ 1-курс студенті Байходжаева Гүлжәйна

ҚҰПИЯ ДӘПТЕР

Бұл жинақ жас ақын, әрі прозаға талаптанып жүрген жас жазушы Нұрболат Жексенбайдың шығармашылығынан тұрады. Бірінші бөлімде талапкердің балаң кездегі, жастық шағындағы жазған жауқазын жырларынан тұрады. Екінші бөлімге алғашқы әңгімелері «Ақ жейделі ағай» мен «Жұмбақ махаббаты» енгізілген. Жас жазушының әлі лайлана қоймаған, көңіл елегінен өткен сезімдер қандай болады екен?! Ол тек оқыған оқырманға аян. Жинақ барша оқырмандарға арналады!

Нұрболат ЖЕКСЕНБАЙ 2000 жылы туған. Қазіргі таңда ҚазҰПУ-дың филология факультетінің 3 курс студенті. Қырғызстан Республикасының «ЭНЕ» атты Халықаралық мүшайрасында бас жүлдесін жеңіп алған. «Шыңғыс Айтматов» медалінің иегері. «Жас Қалам» ұйымының төрағасы. Шығармалары «Көктем ғұмыр», «Күнге қарай жүгіру», «Шабытым арқау болған жиырма бес» кітап жинақтарына енген. Аудандық, облыстық, республикалық жыр додаларының жеңімпазы.

ҚАРА ӨЛЕҢ МЕН ҚАРА СӨЗ ДӘСТҮРІНДЕГІ БАЛАУСА ТУЫНДЫЛАР

Сөз өнері - Жаратушы Алланың құдіретімен Адам Ата мен Хауа Анадан өсіпөнген саналы адамзат ұрпақтарының жан жүйесіндегі, дүниетанымындағы ақыл-ойдың жемістері. Адамдардың жан ділі мен оларды қоршаған ғаламдық-ғарыштық кеңістік көріністерінің, тіршілік иелері қасиеттерінің, жаратылыс құбылыстарының табиғитанымдық ықпалдастықтарының әсерінен туындаған сөз өнері туындылары көпғасырлық адамзат тарихындағы ұрпақтардың көркем ойлау дүниетанымын қалыптастырды. Адамдардың көркемдікэстетикалық дүниетанымын сәулелендіру, нұрландыру ықпалымен сөз өнері туындылары жаңа буын ұрпақтардың атабабалар жолымен өнегелі өмір сүруіне, тіршілік қозғалыстарының, құбылыстарының қарама-қайшылықтарын, қақтығыстарынтартыстарын және ғажайып үндестіктерін, даралық болмыс ерекшеліктерін сезіндіретін өмір философиясын түсінуіне танымдық бағдар берумен келеді.

ФКББИ 3-курс студенті Нұрболат Жексенбай

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!!!

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 29 жылдық мерекесі қарсаңында Сәкен Майғазиев Smart art Kazakstan байқауында ұйымдастырылған "Тәуелсіздік тұғырым"қашықтықтан өткен оқушылар мен жасөспірімдер арасында көркем сөз номинациясы бойынша Қалияс Мадина марапатталады

ФКББИ, 1-курс Қалияс Мадина

ҰЛАҒАТТЫ СӨЗ

«БІЛІМ АЛУДЫҢ ТАМЫРЫ АЩЫ, БІРАҚ ЖЕМІСІ ТӘТТІ», - ДЕП АРИСТОТЕЛЬ АЙТҚАНДАЙ, БІЛІМ МЕН ӨНЕР СІЗДІҢ БОЛАШАҒЫҢЫЗДЫҢ ЖАРҚЫН БОЛУЫНА БІРДЕН-БІР КЕПІЛ. БІЛІМ ЖАЙЫНДА ЖЕР БЕТІНДЕГІ АҚЫН-ЖАЗУШЫНЫҢ БӘРІ ДЕ ҚАЛАМ ТЕРБЕДІ. ҰЛАҒАТТЫ ОЙ АЙТЫП, НАҚЫЛ, ҚАНАТТЫ СӨЗДЕРІ БІЗГЕ МҰРА БОЛЫП ҚАЛДЫ.

ABAI MEDIA

МЕНШІК ИЕСІ:
ФИЛОЛОГИЯ ЖӘНЕ
КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫ
Бас құрылтайшы :Институт директоры Алуа ТАҢЖАРЫҚОВА

Бас редактор:
Шоқан ҚҰТТЫБАЕВ
Көркемдеуші-дизайнер, жауапты редактор:
Нұртуған МАЖИТ
Назерке ЕСИМОВА

Редакцияның мекен жайы:050010
Алматы қаласы, Достық,13
№352 бөлме
Байланыс телефоны:
87770879059,87771305407